

ТАРИХ АТА

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

I бөлім

АЛТЫН ОРДА

X–XV ғасырлар

Дешті Қыпшақ Шыңғыс хан Алтын Орда



ББК 63.3 каз

А 46

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Бас редакторы

Алтынбек Сәрсенбайұлы

Редакциялық алқа: **Ә.Нысанбаев, М.Қойгелдиев, К.Байпақов, Б.Көмеков, Ә.Асқаров, Т.Жұмаханов, Қ.Раимбеков, Б.Иманәлиев, Б.Жұматаев, Қ.Байғабылова**

А 46 Алтын Орда: Қазақ хандығы (I бөлім). Қазақстан балалар энциклопедиясы. — Алматы: “Аруна” баспасы, 2007. — 224 бет, илл.

ISBN 9965-26-042-7

Авторлары

Тілеухан Жұмаханов

Бақыт Жұматаев

Тұрсын Шаңбай

Рецензенті — тарих ғылымының докторы, профессор
Мәмбет Қойгелдиев

ББК 63.3 каз


А $\frac{0503020905}{00(05)-04}$

ISBN 9965-26-042-7

© “Аруна” баспасы, 2007

ДЕШТИ ҚЫПШАҚ

X–XII ғасырлар



Жас дос! Сен, міне, көптомдық “Қазақстан балалар энциклопедиясының” екінші кітабын қолыңа алдың. “Тарих Ата” енді сені “Ежелгі Қазақстаннан” “Қазақ хандығына” қарай бастап, орта ғасырлардағы өзіңнің даңқты бабаларың басынан кешірген қанқұйлы оқиғалар ортасына апарды. Бұл тарих – өте қастерлі де қайғылы тарих.

Есінде ме, біз Ежелгі Қазақстан тарихын баяндауды ежелгі дәуірлерден берірек өтіңкіреп, адамзат тарихында бүгінгі жыл санауымыз бойынша V ғасырдың соңынан (Батыс Рим империясы құлаған 476 жылдан) басталып, XVII ғасырдың ортасына дейін созылатын орта ғасырлардың қайнаған оқиғаларының саябыр тартқан бір сәтіне келіп аяқтағанбыз.

Бірінші кітабымызды Алтайдың арғы бетіндегі Саржазықтан (Ордостан) Днепрге дейінгі кең байтақ өлкені билеген бір кездегі Түрік қағанатының

Х – XI ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ДҮНИЕНІҢ

4



орнында ұсақ-ұсақ мемлекеттер құрылып, Еуразия құрлығының қақ ортасы дүлей дауыл алдындағы тымырсық күйді басынан кешіп жатқанын айтып бітіргенбіз.

Тарихта алып империялардың ыдырап, еркіндігі өзіне тиген жеке тайпалар мен ұлыстардың қайтадан біртұтас иелікке ұйыспай жататын кезеңі болады.

XII ғасырда тек бұрынғы Түрік қағанатының ғана халқы емес, жер шарының Еуразия деп аталатын бөлігіндегі ірілі-ұсақты ұлыстардың бәрі осындай жағдайды басынан кешіріп жатқан.

Батыс Еуропада Рим империясы ыдырағаннан кейін біраз уақыт дәурен сүрген Франктер мемлекеті IX ғасырда-ақ (843 жылы) жеке мемлекеттерге бөлініп кеткен. XII ғасырда сол мемлекеттердің өзі ұсақталып, бұрын билікте болған әр әулеттің жеке князьдіктер құруы дәстүрге айналған-ды.

САЯСИ ПАНОРАМАСЫ



Х – XI ғасырларда Еуразия тарихында орын алған кейбір маңызды оқиғалар:

5

924 жылы	Кидан тайпалары Қытайдың солтүстік бөлігін басып алып, Ляо империясын құрды.
940 жылы	Сатук Богра хан ягма тайпасына арқа сүйей отырып, Қашқар мен Таразды бағындырды.
960 жылы	Қарахандық билеуші Мұса ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялап, Жетісу халқының біраз бөлігіне ислам дінін қабыдатқызды.
962 жылы	Герман королі Отто I Солтүстік және Орталық Италияны (Рим қаласымен бірге) басып алып, “Қасиетті Рим империясын” құрды.
999 жылы	Қарахандық Насыр хан мен ғазнауилық Махмұд сұлтан, ирандық саманилер мемлекетіне күйрете соққы берді.
XI ғасырдың басында	Көшпелілер мен орыс князьдерінің алма-кезек шабуылынан соң және ішкі қайшылықтар себебінен Хазар қағандығы өзінің мемлекет ретінде өмір сүруін біржолата тоқтатты.
1007 жылы	Моңғол үстіртіндегі түрік тайпалары арасынан найман және керейт тайпалары христиан дінінің несториандық бағытын өздерінің діні етіп қабылдады.
1016 жылы	Англияны үздіксіз шабуылдаған викингілер конунгі Кнуд I Англия королі болып сайланды.
1034 жылы	Қарахан мемлекеті батыс және шығыс хандықтарға бөлінді.
1054 жылы	Христиан дінінің католиктік және православиелік ағымдары өз алдына жеке шіркеу болып бөлінуі толық аяқталды.
1096 жылы	Католик шіркеуінің шақыруымен еуропалықтардың шығысқа, түрік-мұсылмандарға қарай бағытталған алғашқы Крест жорығы басталды.

Ал өздерін Ежелгі Рим империясы тағының мұрагері санайтын герман тайпалары Орталық Еуропада құрған Қасиетті Рим империясы да XII ғасырда іштей ыдырап, тұтастығын жоғалтты.

Бұл кезде Еуропаның шығысы, тіпті, әрі-сәрі жағдайды басынан кешіп жатқан. Кезінде ғұндардың, кейін Қасиетті Рим империясының иелігінде болған славян тайпалары өздерінің ұсақ-ұсақ князьдіктерін құруға мүмкіндік алды. Бұл орайда славян тайпаларының қалыптасуына алғаш Алтайдан Еділ бойына ығысып, кейін Шығыс Еуропаға түпкілікті қоныс тепкен түрік тайпаларының (кеңгерестер, яғни печенегтер, оғыздар, қыпшақтар), угро-финн тайпалары мен варягтардың елеулі ықпал еткенін атап өтуіміз керек. Олардың діни ұстанымдары да әр түрлі қалыптасты. Қасиетті Рим империясының құрамында болған батыс славяндар христиан дінінің като-

ДЕШТІ ҚЫПШАҚ

6

Дешті Қыпшақ, Қыпшақ даласы – XI – XIV ғасырларда қолданылған тарихи географиялық ұғым. Одан бұрын Оғыз даласы аталған. Оғыздардан тараған Қыпшақ ұлысының қимақ саяси-әлеуметтік қауымын құрып, байтақ мәдени із қалдырған өлке. XV ғасырдың екінші жартысынан бастап қыпшақтардың негізгі мұрагері және ұрпағы болған қазақ халқының байтақ мекені – Дешті Қыпшақ даласы. Ол кейін “Қазақ даласы”, “Қазақ сахарасы” деген атпен белгілі болды. Дешті Қыпшақ Оғыздар даласы алып жатқан жерден де кең аумақты қамтыды. Сонымен қатар Ертісті мекендеген Қимақ мемлекетінің жері де қыпшақтардың еншісіне тиді. XI ғасырдың ортасында қыпшақтар Еділдің оң жақ бетіне өтіп, орыс жылнамаларында половцы деген атпен белгілі бола бастады. Ал Батыс Еуропа мен Византия шежірелерінде “куман” немесе коман деп



Қыпшақ жауынгері

аталды. Орыс жылнамаларында “Қыпшақ даласы” деп шығыста Еділге, ал батыста Днепрге дейін созылып жатқан жерлерді атаған. Ал іс жүзінде қыпшақтар қонысы Карпат тауларының орманды бөктерлеріне дейін жеткені тарихи деректерден мәлім. XI ғасырдың аяғында қыпшақтар Византияның Дунайдағы шептеріне ілігіп, XII ғасырдың орта шенінде олар Дунайдан әрі батыстағы жерлерді қоныстанған. Со-

нымен қатар қыпшақтар Қырымның далалық бөлігін, одан әрі шығыста Еділдің құяр сағасы мен Саксин төңірегін де мекендеген. Олардың “саксин тобы” деп аталған ерекше тобы орыс далаларына қоныстанған. Дешті Қыпшақ қиырсыз кең жеріндегі саяси билік қыпшақтардың қолында болып, оларға көптеген этностық топтар бағынған. Қыпшақтардың осылай өз жерін ұлғайтуын олардың тек қана батысқа қарай жаппай қоныс аударуы деп түсінуге болмайды.



Қыпшақ антропологиялық типі

лик шіркеуінің дәргейіне бас ұрса, шығыс славяндар византиялық тақуалар ықпалымен православие сеніміне ден қойды.

Діни сенім бұл кезде жаңа халықтар мен аймақтарды ықпалына көндіріп, бағындырудың басты қаруына айнала бастаған еді. Бұрынғы шыққан тегі ортақ, туыс тайпалар кейінгі ұстанған діни сенімінің ықпалымен екіге жарылып, тіпті, бір-біріне қарсы қанды шайқасқа шығуы етек алды. Бұл жағдай, әсіресе, Солтүстік Кавказдан бастап, Қара теңіздің жағалауын қоса, Дунайға дейінгі бүкіл Оңтүстік-Шығыс Еуропаны иеленген түркі тайпаларының бірлігіне үлкен нұқсан келтірді.

Ежелгі дәуірдегі Рим империясының шығыс бөлігін иеленіп қалған Византия мемлекетінің де бұл кезде күші қайтып, қазіргі Иран аумағын түгел жаулап алғанымен қоймай, енді Таяу Шығысты түгел өз ықпалына

ДЕШТІ ҚЫПШАҚ



Қыпшақтар осы кең алқапты тегіс мекендеген. Пано Карпини (1246) мен Рубрук (1253 – 1255) саяхатынан кейін қыпшақ жерінің шын мәнісінде ұшы-қиырсыз екені белгілі бола бастады. Армян патшасы Гетум қыпшақтардың қонысы шығыста Хорезм патшалығы, одан әрі Ертіске дейін созылатынын айтып, таңдана жазған (1307).

7



Қыпшақтардың көшпелі үйі


бағындыруға кіріскен түркі тайпасы салжұқтар (оғыздар) қаһарынан қалтырай бастаған болатын.

Ал ислам дінін ту етіп көтеріп, Африканы, Азия мен Еуропаның оңтүстігін бір мемлекет аясына біріктірмек болған Араб халифатының да екпіні ұзаққа шыдамады. Мұхаммед пайғамбар ізбасарлары оны жеке-жеке халифаттарға бөлшектеп әкетті. Аббас әулеті өз халифатының астанасын Бағдадқа көшіріп, біраз уақыт Алдыңғы Азияда билік жүргізгенімен, XII ғасырда осы халифат билігі де қазіргі қазақ даласынан барған оғыз тайпасының Салжұқ әулетіне көшті. Кейін Таяу Шығысқа ығысқан салжұқтардан тағы бір түркі тайпасының көсемдері Ануштегіндер әулетіне ауысты.

Иә, XII ғасырдағы Еуразия құрлығының тарихында түркі тайпаларының елеулі рөл атқарғаны шындық. Олар қазіргі Иран, Тәжікстан, Өзбекстан,

СЛАВЯНДАР

8 Славяндар – біздің жыл санауымыздың V – VI ғасырларынан бастап танылған халықтар. Олар бірнеше тармаққа бөлінеді. Соның ішінде Киев Русі – славяндардың шығыс тармағын құрайды. VI ғасырда славян халықтары Одер өзенінің жоғарғы ағысынан Днепр өзенінің орта ағысы арасындағы аумақты қоныстанған. Олардың бірлескен қауымдары тұрған жерінің атауымен аталды (поляндар, моравяндар, древляндар, т.б.). Славян мемлекеті бірнеше тайпалық князьдіктерден құралды. Соның ішінде Киев Русі – он екі тайпалық князьдерден құралған одақ болатын.



Киевтегі Печера жер асты ғибадатханасы




Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Ауғанстан, Солтүстік Үндістан аумағын қамтыған Хорезм мемлекетін билеп қана қойған жоқ, Алтайдан Дунай өзеніне дейінгі Дешті Қыпшақ (Қыпшақ даласы) аталған кең байтақ кеңістікті де емін-еркін жайлап жатты.

“Тоқсан екі баулы қыпшақ” деп аталған Дешті Қыпшақ бірлестігінің құрамында кейін қазақ халқын құраған тайпалардың көпшілігі болғаны анық. Мысалға, XI ғасырда ғұмыр кешкен ұлы түркі ғалымы Махмұт Қашқари өзінің “Түркі тілінің сөздігінде” қыпшақтар құрамындағы қимақ (иемек), суар, қаңлы, қара бөрікті, тоқсоба, жете, бөрілі, қай тайпаларын атап көрсетеді. XIII ғасырдағы араб тарихшысы Шамс әд-Дин Мұхаммед әл-Димашқи қыпшақтардың батыс бөлігі бірқұба, тоқсоба, иека, барт, алорыс, бұзықоғлы, менғуоғлы, қимақ (имек), төгі, башқұрт, құмаңқы,

ЕЖЕЛГІ КИЕВ




XI ғасырдағы Киевтің жалпы көрінісі



Киевтегі Печера жер асты ғибадатханасының Днепрден қарағандағы көрінісі

бозаңқы, бежан, қара бөріккі, ұз, жортан тайпаларынан құралатынын айтса, XIV ғасырда өмір сүрген араб тарихшылары Шихаб әд-Дин Ахмед ән-Нувейри мен Абд әр-Рахман Әбу Зейд ибн Халдун қыпшақтардың тоқсоба, жете, боржоғылы (берішоғылы), бөрлі (елбөрі), қаңоғлы (қаңғароғлы, қаңлы немесе печенегтер), әнжоғлы, дорут, қарабороғлы (қарабарлы), жозан (жерсақ), қара бөрікті, қотан (күнун) тайпаларынан құралғанын атап өтеді. Құрамының ала-құлалығы мен иеленген аумағының кеңдігіне орай қыпшақтар біртұтас мемлекет құра алмады, діни сенімдері де әр түрлі болды. Хорезм мемлекетінің аймағындағылар ислам дінінің шынайы үмбеттеріне айналса, далалық өңірде көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданатын қыпшақтар дәстүрлі Көк Тәңіріне табынатын сенімінен айныған жоқ. Тіпті, Сырдарияның төменгі ағысынан оғыздарды ығыстырып шығарып, сол

10



Стамбұлдағы (бұрынғы Константинополь) әулие София сарайы

Біздің дәуіріміздің 395 жылы алып Рим империясы Шығыс және Батыс болып екіге бөлінеді. Шығыс Рим империясының негізінде Византия мемлекеті қалыптасты. Византияның астанасы – Константинополь (қазіргі Стамбұл) қаласы. Рим империясынан бөлінген жаңа мемлекет Византия батыстың не болмаса шығыстың ешбір еліне ұқсамайтын ерекше

ВИЗАНТИЯ

мемлекет болды. Бастапқы кездері византиялықтар өздерін римдіктер (грекше ромейлер), ал Константинопольді өздерінше “Жаңа Рим” деп атаған. Тұрғындары негізінен грек тілінде сөйлеген. Ал оларды басқарушы билікте монарх (шексіз билікке ие болған) “Василевс” отырды. Алайда оған синклит (сенат) сөз жүзінде болса да шектеу қоятын. Мемлекеттік кеңесті – “консистерий”,



ал Византия қалаларының ерікті азаматтарының ұйымын – “дима” деп атады. Сонымен бірге Византияның гүлденуіне рим, грек және эллиндік дәстүрдің



Түріктердің Константинопольді алуы

маңдағы Жент қаласын астана еткен, Хорезм шаһы Текешке Теркун есімді қызын ұзатып, бұл мемлекеттің де ішкі-сыртқы саясатына елеулі ықпал жасап отырған ұран тайпасының қыпшақтары да мұсылмандыққа түгелдей мойынсұна қоймапты.

Ал олардың Еділ (Волга) мен Дон өзендерінен ары асып, Дунайға дейінгі шұрайлы аймақты қоныстанған туыстары діни сенім жолында бір-бірімен қан майданда шайқасқа да шыққан.

Түпкі тегі Алтайдан тараған туысқан түркі тайпаларының Шығыс Еуропа даласын дүбірлетіп, жат мүдделер ықпалымен бір-біріне қару алып шығуында талай-талай сыр жатыр. Қасіретті сыр...

Қазақ халқы әлі күнге дейін “бармасаң, келмесең жат боларсың” деп ұрпақтарына алыс-жақын бауырларымен үнемі қарым-қатынас жасап

КОНСТАНТИНОПОЛЬ

әсері күшті болды. Оларда құл иеленудің соншалық маңызы болмады. Оқу, білім беру, ғылым, әдебиет пен бейнелеу өнері ежелгі дәуір мәдениет дәстүрін жалғастырды. Византиялықтар өз мәдениетін жоғары бағалаған, әрі шетелдіктердің ықпалынан қорғаған. Тек XI ғасырдан бастап араб медицинасы мен шығыс әдебиетін мойындап, араб математикасын қабылдады.



Византия императоры Юстинианның мозаикалық портреті



330 жылы Римнің шығыс бөлігіндегі Византияның орнына император Константин (306 – 337) жаңа қала салдырды. Кейін императордың құрметіне бұл қала Константинополь деп аталды. Ал 395 жылы Рим империясы


екіге бөлініп 1453 жылға дейін Константинополь Шығыс Рим империясының (Византияның) астанасы болды. Түріктердің Боспор бұғазын жаулап алуынан кейін Константинополь қаласы Стамбұл деп аталды.

тұруды өсиет етеді. Бұл халық жадында өздерінің сан ғасырлық тарихынан сақталған ащы сабақтың жаңғырығы болар, сірә.


Біз “Ежелгі Қазақстан” аталатын бірінші кітабымызда ғұндардың Дунай өзенінен ары өтіп, Орталық және Оңтүстік Еуропаға жасаған жорықтары туралы жазғанбыз. Батыс Ғұн империясының билеушісі Еділдің (Аттиланың) оқыстан қазаға ұшырауы, Одокердің Рим империясының тағына отыруы, т.б. оқиғалар есіңде болар. Бүкіл Еуропаны ат тұяғымен дүбірлеткен сол ғұндар құрған алып мемлекеттің кейін ыдырап, оның орнында Хунгария (Венгрия), Еділ Бұлғариясы сияқты мемлекеттер құрылғанын да сен енді білесің. Кейінгі Түрік қағанаты кезеңінде бұл аймаққа Алтайдан ағылған түркі тайпалары (дулу, оғыз, т.б.) бұрынғы бауырларымен табысып Хазар мемлекетін құрды. Олардың Аспарух бастаған бір бөлігі қазіргі Болгарияның негізін қалады.

АРАБ ХАЛИФАТЫ

12



Кордова мешітінің ішкі көрінісі



Иерусалимдегі Құдыс мешіті

Араб халифаты VII ғасырдың 30-жылдары Арабия түбегінде құрылды. Онда негізінен, көшпелі бедуиндер (бәдәуилер) тұрды. Олар көбіне түйе, ешкі және қой өсіретін. Жер өндегендері көбіне құрма (пальма) ағашын, жүзім, тары және жеміс ағаштарын еккен. Арабия жерінде адамзаттың ең соңғы пайғамбары танылған Мұхаммед 570 жылы 29 тамызда дүниеге келді. Мұхаммед 40 жасқа келгенде ислам дінін уағыздай бастаған. Кейіннен ислам діні кеңінен таралып, әлемдік дінге айналды. Осы ислам дінін ұстанушы Әбу Бәкір

Түрік қағанаты ыдырады. Оның орнына құрылған Тұрфан, Түргеш, Оғыз қағанаттарының, Қимақ хандығының халқы ІХ ғасырда Ұлы Даланы шарпыған қуаңшылық салдарынан лек-лек болып, Еділ мен Дунай өзендерінің аралығына ағыла бастады. Ең алдымен мұнда оғыздар қысымымен Сырдария бойынан ығысқан печенегтер (қаңғарлар немесе кеңгерестер) келіп орнықты. Оғыздардың соңын ала Ертістен бері өткен қалың қыпшақ тайпалары алдымен Сырдария бойына қоныс тепкендеріне көп уақыт өтпеген оғыздардың бір бөлігі – салжұқтарды оңтүстікке (қазіргі Иран жеріне) қарай ығыстырса, екінші бөлігін өз құрамына қосып алып, батысқа жылжыды. Бұл көш бір мезгілде емес, 100 жылға жуық уақытты қамтып, үзік-созық сипат алған.

Осы кезеңде Еділ мен Дунай өзендерінің аралығындағы шұрайлы өңір әлемдік діни орталықтар мүдделерінің тоғысқан торабына айналды.

АРАБТАР

632 – 634 жылдары алғашқы халиф болып сайланды. Ислам дінінің таралуымен Араб халифатының жерлері де ұлғая берді. Араб халифаты, Омар 2-ші халиф болып басқарған 634 – 644 жылдары, мұсылман мемлекеті болып құрылды. VII ғасырдың 30-жылдары құрылған Араб халифаты 945 жылы Ираннан келген Буидтардың Бағдад қаласын алуымен өзінің өмір сүруін тоқтатты. Ендігі билікті Иранның батысынан шыққан ағайынды Әли, Хасан және Ахмед жүргізді. Олар он жылдан соң, Бағдадтағы аббасидтік халифті тұтқындап, өздерін “әмірлердің әмірі” деп жариялады. Бұрынғы халиф енді тек барлық мұсылмандардың діни басшысы болып, мемлекеттік биліктен біржола айырылды. Ал Буидтар әулеті Аббасидтер әулетінің өкілдері ретінде халифатты басқара берді. Аббасидтік халифтер бірін-бірі ауыстыра отырып, 1258 жылға дейін билік

жүргізді. Ал 1258 жылы Хулагу хан басқарған моңғол әскері Бағдадты басып алады да, Абу-л Аббас ұрпағының билігін тоқтатты. Ең соңғы аббастық халиф Мустасил және оның ру басылары бірі қалдырылмай өлтірілді. Хулагу хан тек халифтың кіші ұлын тірі қалдырады. Онда да тек ханның әйелі өз баласына серік ретінде сарайға алдыртады да, халиф ұрпағы осылайша аман қалады.



Көшпелі араб жауынгерлері



751 жылы арабтар мен қытайлар арасында Талас өзені бойында болған Атлах шайқасы

Халқы ежелгі наным-сенімдерін ұмытып, римдіктер әсерімен христиан дінінің католик шіркеуінің уағызына мойынсұнған Хунгария осы аймақтағы ықпалды күштердің бірі болып саналатын. Ұлы даладан келген алғашқы печенегтерді өз мүдделеріне шебер пайдаланған да осы Хунгария болды. Таяу Шығыстан босып келген еврейлерді паналатып, солардың ықпалымен билеушілері бірте-бірте иуда (яһуда) дініне табынатын болған хазарлықтар айналасындағы туысқан тайпалар – Еділ бұлғарларына, кейін көшіп келген қыпшақтар мен оғыздарға қатысты мүлде басқа саясат ұстанды. Әскери қуаты қайтса да, христиан дінінің православие шіркеуі көмегімен өзіне жақтастар табудан үмітін үзбеген Византия мемлекетінің билеушілері Еділ мен Дунай аралығын жайлаған түркі тайпалары арасына Бурно, Мефодий, Кирилл (кириллица қарпі осыдан шыққан) сияқты

АНУШТЕГІНДЕР

14 Ануштегіндер (1097 – 1231) – Хорезм мемлекетін билеген түркі тектес әулет. Негізін Ануштегін Қарши (1077 – 1097) қалаған. Ануштегіндер әулеті билеген мемлекет батысында Еділ бойы мен Кавказ тауына, Бағдад халифатына, оңтүстігінде Айюби ұрпақтары билеген араб мемлекеттері мен Үндістанға, шығысында Жетісуға, солтүстікте Ұлытау мен Торғай далаларына дейінгі аумақты алып жат-

ты. Құтб-әд-Дин Мұхаммед Хорезмшаһ (1097/98 – 1127/28) тұсында басталған салжұқ әмірлерімен тәуелсіздік үшін күрес Ала әд-Дин Атсыз Хорезмшаһ (1127/28 – 1156) билік еткен кезеңде одан әрі жалғастырылды. Әбу-л-Фатх Арслан Хорезмшаһ тұсында дербестікке қол жеткізді. Ала әд-Дин Текеш (1172 – 1200) пен Ала әд-Дин Мұхаммед (1200 – 1220) тұсында әулет күшейе түсті. Ануштегіндер

Парсы мемлекетін, Орта Азияны, Маңғыстау мен Еділдің төменгі сағасын, Жент, Баршынкент, Жаркент, Баласағұн, Отырар қалаларын бағындырды. Шыңғыс хан иелігіндегі елдермен бетпе-бет келуі Хорезм мемлекетінің біржола құлауына себеп болды. Ануштегіндер тұсында Хорезмде өнер-білім, ғылым, кітап басу ісі, сауда қатынасы, халықаралық байланыстар дамыды.



Орта ғасырлардағы Хорезм мемлекеті

тақуаларын жіберіп, осы аймақты түгелдей, түркілердің солтүстігінде жаңа құрыла бастаған славян тайпалары князьдіктерін де өз ықпалында ұстауға ұмтылды.

Хазарлардың қатты қарсылық көрсетуі салдарынан Кавказ тауларынан бері аса алмаған араб жиһангерлері Маңғыстау түбегі арқылы Еділ бойына сыналап еніп, қыпшақтар арасына мұсылмандық рухын сіңіруге жанталасып-ақ жатқан. Кейін Маңғыстауды да өз иелігіне қосып алған Хорезм шаһтары осы бағыттағы әрекеттерін күшейте түсті.

Тұтасымен үдере көшпей, Еділ мен Дунай аралығына үздік-создық қоныс аударған, соның салдарынан әр түрлі діндер орталығы ықпалына түскен қыпшақ тайпаларының бір-бірімен діни сенім жолындағы алғашқы шайқасы 1009 жылы Дон өзенінің жағалауында болыпты.

ВЕНГРЛЕР (МАЖАРЛАР, МАДИЯРЛАР)

Венгрлер (мажарлар, мадиярлар) – Венгрия мемлекетінің байырғы халқы. 895 жылы Арпад патшаның басшылығымен мадиярлардың жеті тайпасы (көсемдері: Елод, Онд, Қонд, Таш, Хуба, Тохотом және Арпадтың әкесі Алмаш) қазіргі Венгрия жеріне келіп қоныстанды. Олардың тегі түркі тайпаларынан бастау алады. Мажар тайпалары X ғасырда Италияның оңтүстігіне дейін шапқыншылық жасап, иелік етті, бірақ табиғаты қолайлы Карпат бойын қоныстанды. 955 жылы герман королі Оттодан жеңілген соң, мажарлар көшпелі өмірден бас тартты. Арпадтың шөбересі Гезаның бастауымен христиан дінін қабылдаған мажарлар еуропалық көршілерімен араласып кетті. Мажарлардың үрім-бұтағы да өз мемлекетін құрып, айналасындағы көрші мемлекеттерге үстемдік құра білді. XI ғасырдың 70-жылдарынан XIII ғасырдың ортасына дейін Арпад әулетінде тақ пен билік

үшін өзара күрес өршіді. 1109 – 1113 жылдары билікке келген король Каламан (Кальман) өз бауыры Алмашты (Альмош) және оның ұлы Алмаш-Беланың көзін ойып алуға бұйрық береді. Көзінен айырылған Алмаш Византияға қашады. 1241 жылы моңғол әскерінің шапқыншылығына байланысты венгр королі Бела IV-ге қауіп төнді. Ол қоршаудан қашып шығып, Далмацияға бет алды. Ал оның бауыры, хор-

ват герцогы Каламан ауыр жарақат алып, көп ұзамай қайтыс болды. Шыңғыс ханның Орталық Азияға жасаған шапқыншылығы және 1237 – 1246 жылдар аралығындағы батысқа қарай жасалған жорықтарының нәтижесінде қыпшақ тайпалары да Венгрияға қарай ығысты. Кейін тілі мен тұрмысы жақын осы екі туысқан түркі тайпалары бірігіп қазіргі венгр халқын құрады.

15



Моңғолдар венгр королі Бела IV-ні қуып келеді. Ортағасырлық миниатюра

Тарихи жылнамаларда қыпшақ тайпаларының мұсылмандықты жақтағандарын Тирақ батыр, христиандықты жақтағандарын Кеген батыр басқарғаны туралы жазылған. Кегеннің әскері Тирақтың әскерінен екі есеге жуық көп болыпты. “Алла тағалам мұсылмандарды қолдады, – деп жазады араб жылнамашысы Әбу Хамид әл-Қарнақи, – олардың саны 12 мың-ақ болса да өздерінен екі есе көп дінсіздерді жеңді. Мұсылмандар дұшпандарын қырып-жойды, тірі қалғандары исламды қабылдады. Қазір осы мұсылмандардың арасынан ғалымдар, заңгерлер шықты және Құранды оқитын өз қарилары бар”.

Бұл деректен араб жылнамашысының ислам дінін қабылдаған қыпшақтарға іш тартып отырғанын байқау қиын емес. Шынында, Кеген батыр жасақтары түгел қырылып қалмаған. Өкшелей қуған қандас бауырларымен діни сенім

ҚЫПШАҚТАРДЫҢ ҰЛЫ

16



жолында қаша ұрыс сала отырып, Византия шекарасынан әрі асады. Византия астанасы Константинополь қақпасы алдына жеткен соң, өзіне ерген 20 мыңға жуық әскерінің бас-аяғын жиып, қалаға әскери шерумен кіреді. Византия императоры Силастрий қарулы жасақпен қалаға енген көшпелілер көсемін өз сарайында асқан салтанатпен қабылдайды. Жиырма мыңдық қыпшақ жасақтарының Византия ғибадатханасында христиан дініне ресми түрде мойынсұнуы үлкен той ретінде атап өтіледі. Қыпшақтар енді Византияны сыртқы жаудан, оның ішінде өз қандастары салжұқтар мен печенегтерден де қорғайтын сенімді сарбаздарға айналады. Тарихи жылнамаларда Византияны 1091 жылы түркі тайпалары печенегтер мен салжұқтар шабуылынан Тұғырыл хан мен Бунақ басқарған қыпшақтардың тағы бір тобының құтқарғаны туралы жазылып қалған.

ДАЛАНЫ ҚОНЫСТАНУЫ



Бұрынғы қуаты қайтып, ыдырай бастаған Византия мемлекетіндегі 1081 жылғы әскери төңкеріс нәтижесінде билік басына Алексей I Комнин келгені белгілі. Жаңа император қабырғасы құлауға жақындаған империяны сақтап қалуға қанша жанталасып бақса да, жан-жақтан анталаған түркі тайпаларының қысымынан үркіп отырған. Қырық жыл бойы солтүстіктен маза бермеген печенегтер шапқыншылығына 1091 жылғы шығыстан киліккен салжұқтар шабуылы қосылды. Константинопольге екі жақтан төнген қауіптен зәресі ұшқан Алексей I Комнин құба қыпшақтар ханы Тұғырылдан көмек сұрап жаушы аттандырады.

“Ажал қатері Константинопольге Боспордың қос жағалауынан қатар төнді, оның ол жағынан да, бұл жағынан да Көне Тұранның тұқымдары печенег пен салжұқтар қыспаққа алды, – деп жазады орыс ғалымы Лев Гумилев,

ПЕЧЕНЕГТЕР

атаудың грек-латындық тілдегі айтылуы – “пасиактар” немесе “су сақтары” деген мағына береді. “А-пасс-ка-ка” – печенегтердің өте ертедегі хатқа түскен атауы. Олар (біздің заманымызға дейінгі IV – II ғасырларда) пасиандар, пасиактар деп аталса, IX ғасырлардағы араб жазбаларында “бажана” деп аталған. IX – X ғасырлардағы печенег қоныстары Арал теңізі маңында, Үстіртте болған. Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы жерлер үшін оғыз және мажар тайпаларымен жиі соғысқан. Антикалық заманғы деп аталатын өте ертедегі жазбаларды оқығанда және археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген жерлерді зерттегенде Арал маңында өмір сүрген қарақалпақтар мен Шығыс Еуропаға дейінгі жерлерде өмір сүрген халықтардың арасында кең таралған. X – XI ғасырларда печенегтер хазар тайпаларымен көршілес және XI – XII

ғасырларда Византия үшін өте қауіпті ел болған. Византия мемлекеті өзара туыс болып келетін көшпелі түркі халықтарын алдап, бір-біріне қарсы қоя білген. Қыпшақ тайпаларын өзінің қаруы етіп пайдаланған. 1091 жылы 26 сәуірде Византияны жақтаған қыпшақ Тұғырыл хан өз әскерін бастап тағы да көмекке келеді. Осы соғыста қыпшақтар печенегтерді енді көтерілмейтіндей етіп басып тастайды.

18



Печенег жауынгері

Печенегтер – б.д.д. IV – I ғасырлар мен б.д. I ғасырларында Әмудария бойын қоныстанған тайпалар. Печенегтерді ертедегі Грек және Византия авторлары әр түрлі атаумен атаған. Сол



Печенег жауынгерінің сауыт-сайманы

– Византияны тек қана қыпшақтардың ханы Тұғырыл мен Бунақ (орысша Боняк) құтқарды. Олар 1091 жылы Лебурне түбінде (Константинополь қаласының маңы) печенегтер әскерінің тас-талқанын шығарды. Ол кезде печенегтердің баяғы мекені ғұздар мен командар болып екіге бөлініп кеткен еді. Бұл туыстар тектік қасиеттері үзіліп, бір-бірінен әбден суынып қалған болатын. Олар православие дініндегі Русь пен Византияға исламның ықпалын үш ғасырға шегіндірді...”



Тұғырыл хан мен Бунақ батырдың жат жұрттың мүддесі үшін өз бауырларына қарсы шайқасқа шығуына қандай жағдайдың итермелегені бізге белгісіз. Белгілісі – әлем тарихында есімі сақталған осы Тұғырыл ханның 1096 жылғы 19 шілде күні ұсақ славян князьдіктері орталығының бірі Переяславльде өзінің туған күйеу баласы, Киевтің ұлы князі Святополк қолынан қаза тапқаны.

АРТЫҚ ХАНЗАДА



Артық Сарыханұлы (шамамен XI ғасырдың 2-жартысы – XII ғасырдың 1-жартысында өмір сүрген) – қыпшақ ханы, әйгілі қолбасы, батыр. Орыс жылнамаларында “половецтердің Шарукан (Сары хан) әулетінен шыққан Отрок хан” деп те аталады. Ержүрек қыпшақ жауынгерлерін көрші елдердің билеушілері өздерінің таңдаулы әскери жасағына айналдыру дәстүрі әбден орныққан заманда Мысыр, Византия, Венгрия, Еуропа мен Азия елдерінің билеушілері қыпшақтарды қалқан етіп ұстап, қаһарлы күш ретінде пайдаланды. Артық ханзада 1116 – 1117 жылы Киев князі Владимир Мономахтың

әскерімен кескілескен ұрыс жүргізді. 1118 жылы Грузия (Гүржістан) патшасы Давид (Дәуіт) IV-нің арнайы шақыруымен қыпшақ ханы Артық 45 мың атты әскерімен Кавказ тауына келіп, Грузияны басқыншылардан азат етті. Дидгори айқасында Артықтың 45 мың сарбазы Дәуіттің 15 мың әскерімен бірігіп, 300 мыңдық парсы қолына соққы берді. Грузиндер тарихында айрықша орын алған осы шайқастың нәтижесінде Грузия ұлттық тәуелсіздік алды. Артық ханзада Тұрантоқты атты қызын Дәуітке берді. Артық хан Кавказ тауында 8 жыл тұрып Дешті Қыпшаққа қайтты. “Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол” деген сөз Артықтан қалғандығы жөнінде деректер бар. Артықтың баласы Қоншақ – орыстың “Игорь жасағы туралы жырындағы” басты тұлғалардың бірі.



Ежелгі Тбилиси көріністері

Мұндай опасыздыққа жаны шырқырап, көзіне қан толған Бунақ батыр Киев қаласын шауып, Печера жер асты ғибадатханасын тас-талқан етеді.

Бунақ батырдың ашынатындай жөні бар. Шығыс славян тайпалары құрған ұсақ-ұсақ князьдіктердің бірте-бірте іргесі нығайып, қуатының артуына қыпшақтар көп үлес қосқан еді. Бұл князьдіктер билеушілерінің бәрі де қыпшақ қыздарына үйленіп, қыпшақтар тарапынан қолдауға ие болуды дәстүрге айналдырған-ды. Славян князьдері арасындағы билікке таласқан дау-дамайлардың бәрі қыпшақ хандарының араласуымен шешіліп отыратын. Тіпті, славян князьдіктерін қорғауды да қара бөріктілер мен беренділер (сауыттылар) деп аталатын қыпшақ жасақтары атқаратын-ды. Ал сырттан қауіп төнгенде славян князьдері міндетті түрде қыпшақ хандарынан көмек сұрайтын. Алайда славян князьдері қыпшақ хандарымен арадағы татулық шартын сан мәрте бұзып, сан мәрте қайта достасқан.

КИРИЛЛ МЕН МЕФОДИЙ

20

Кирилл мен Мефодий – Византиядан Моравияға шақырылған христиан дінінің уағыздаушылары. 862 жылы славяндық Моравия мемлекетінің князі оларды еліне шақырады. Князь Ростиславтың мақсаты өз қол астындағы славяндарды христиан дініне кіргізу болатын. Сондықтан Кирилл мен Мефодийді Ростислав

жақсы қарсы алады. 863 жылы Моравия еліне Византиядан ағайынды діндар (монах) Кирилл мен Мефодий бастаған шіркеу миссиясы келеді. Олар осы уақытқа дейін Кіші Азиядағы монастырьда славяндарға арнап грек алфавиті негізінде әліппе (азбука) құрастырған болатын. Енді Кирилл мен Мефодий славяндарды жазу-

сызуға үйрете бастады. Сонымен қатар шіркеу кітаптарын аудару ісі қолға алынды және жергілікті дін таратушыларды дайындай бастады. Кейін 869 жылы Рим папасы Адриан II Мефодийдің атқарған қызметі үшін Паннония мен Моравияға архиепископ етіп тағайындады. Ал бұл кезде оның інісі Кирилл Римге барып, қайтыс болған.



Кирилл және Мефодий. «Радзвил жылнамасындағы» миниатюра. XV ғасыр

Сірә, Тұғырыл хан қазасынан кейін қыпшақтар мен славян князьдері арасында кезекті бітім шарты жасалған болса керек. Бунақ батырдың 1097 жылы славян князьдерімен бірге Хунгария (венгрлер) королі Каламанға қарсы жорыққа аттануы осының дәлелі. Бунақ бастаған қыпшақ жауынгерлері Сан өзенінің бойында Хунгария королі Каламан жасағын тас-талқан етіп жеңеді. Жат мүдде жолында қандас бауырына қару кезенген қандай қатал заман еді десеңізші?!

Бунақтың бұл ерлігін славян князьдері тез-ақ ұмытады. Киевтің ұлы князі тағын иеленген Владимир Мономах өзге славян князьдерімен одақтаса отырып, 1103 жылы құба қыпшақтарға қарсы жойқын жорық жасайды. Бунақ батыр Дон өзенінің бергі бетіндегі қара қыпшақтардың билеушісі Сары ханға (орыс тіліндегі деректерде Шарукан) жаушы аттандырып, көмек сұрайды.

ХАЗАРЛАР



Хазарлар мемлекетінің картасы

Хазар тайпалары – тарих бетінде V – VI ғасырлардан бастап танылған түркі тайпалары. Хазарлар түркі тайпалары арасынан бірінші болып, 642 жылы арабтарға қарсы шайқасқан. 772 – 773 жылдары арабтармен қайта соғысып, бір-

жолата жеңеді. Осы кезде түркі тайпаларының ішінен алғашқы болып ислам дінін қабылдағандар да хазарлар болатын. Тек бір ислам дінін қабылдап қоймай, ел билеген қағандары – иудаизм дінін, басқалары христиан дінін ұстанды.

Хазарлардың ең сәулетті қаласы Саркел (хазарша “Ақ үй”, Белая Вежа), астанасы Семендер қаласы (Дағыстанда) және кейіннен Итил қаласы (Еділдің төменгі ағысында) болған. Хазарлардың үш түрлі дінді ұстауының кесірінен тайпалардың арасында ауызбіршілік болмай, мемлекеттің ыдырауына себеп болды.



Хазар жауынгерлері

Біріккен қыпшақ сарбаздары мен славян жасақтары арасындағы дүркін-дүркін ұрыстар ұзаққа созылады. Владимир Мономах қыпшақтармен 19 рет бітім жасасып, өз уәдесін 19 рет аярлықпен бұзған. Сондай бір тұтқиыл шапқыншылық кезінде, 1107 жылы Бунақ батыр да, Сары хан да ұрыс даласында қазаға ұшырайды. Владимир Мономах 1116 жылы Донға жетті. Оның сол сәтте масаттанып тұрып, “Тынық Донның суын алтын дулығамен іліп алып іштім” деген сөзі жылнамаларда жазылып қалған.

Қыпшақтардың азаттық жолындағы күресін Сары ханның інісі Сүгір мен ұлы Артық жалғастырыпты. Артық ханзаданың грузин князі Давид құрылысшының шақыруымен сегіз жыл бойы Кавказ халқын салжұқтар шапқыншылығынан қорғайтыны да осы кез. Ал Артықтың ұлдары Құншақ

БОСПОР БҰҒАЗЫ

22

Қара теңіз бен Мәрмәр теңізінің арасын жалғастырып жатқан өткел – Боспор бұғазы деп аталады. Еуропа мен Азия құрлықтарының арасын бөліп жатқан бұл

су айдынының ұзындығы – 30 шақырым, орташа ені 2 шақырым, ең таяз жері 20 метрді құрайды. Жағалауы биік, тік жарлы болып келеді.

Осы Боспор бұғазының ең қолайлы тұсы “Алтын мүйіз” деп аталады (ол Еуропалық жағалауда орналасқан). Боспор бұғазындағы ең ірі қала – Стамбұл.



Боспор бұғазы жағасындағы ежелгі Константинополь

(орыс деректерінде Коншак) пен Ғазақ есімдері славян халқының “Игорь жасағы туралы жырында” сақталып қалған.

Жас дос! Егер сен “Игорь жасағы туралы жырды” басқыншылар жағының көңіл-күйі ықпалымен қосылған әсемдеулерін елемей-ақ, зер сала оқып шықсаң, Новгород-Северский князі Игорь Святославовичтің өз жасағымен 1185 жылы қыпшақтар еліне жасаған қанқұйлы жорығының қандай сипатта болғанын терең ұғынасың...

... Тұтқиылдан шабуыл жасаған басқыншылар жасағы Дон өзенінен өтіп, бейбіт қыпшақ ауылын қырып-жойып, тонай бастайды. Жедел сарбаздарын жинап, атқа қонған Құншақ пен Ғазақ хандар Игорь жасағын қоршауға алып, үш күн бойы соғысады. Басқыншыларды түгел жайратып, князьдерін тұтқынға алады. Игорь Құншақтың тұтқынынан қашып шығып, құтылып

ТҰҒЫРЫЛ ХАН

Тұғырыл (Тогортак) – қыпшақ ханы. Шамамен XI ғасырдың алғашқы ширегінде туған. Тұғырылды Дөң (Дон) мен Днепр өзендері аралығын қоныс еткен қыпшақтарға хан етіп Ескіл хан тағайындаған. Тұғырыл әскери өнерімен, ерлігімен көзге түскен батыр әрі соғыс қимылдарын жақсы ұйымдастыра білетін қолбасшы болған. Бұл кезеңдерде қыпшақтар Киев Русі мен Византия сияқты көрші елдермен жиі байланыс жасайтын. Бірде Тұғырыл ханға арнайы сыйлықтар әкелген Византия елшісі екі жақтың бірігіп одақ құруын сұрайды. Өйткені, қырық жыл бойы түркі-печенег (бажанақ) тайпалары Шығыс Еуропа мен Византияның талай рет зәресін алған. Бұл кезде Тұғырыл мен печенегтердің арасында туыстық жақындық болса да, біршама уақыт қарым-қатынастың үзілуінен бір-біріне жат болып кеткен еді. Осы себепті Византия императоры Алексей I Комниннің өтінішін Тұғырыл хан жерге тастама-

ды. Сонымен, 1091 жылы 26 сәуірде Византияны жақтаған Тұғырыл хан өз әскерін бастап көмекке келеді. Қызыл қырғын шайқас Византия астанасы Константинополь маңында, Лебурне даласында өтті. Император Алексей I жараланып, ұрыс даласынан қашып кетеді. Осылай, өздерінің қандас бауырла-

ры болса да, печенегтерді өз қолымен шапқан Тұғырыл византиялықтар үшін жеңіс туын көтереді. Талай жаугершілігімен көзге түскен Тұғырыл хан 1096 жылы 19 шілдеде өз қызын берген орыс князьдерінің кесірінен күйеу баласы Святополк жасағының адасқан жебесінен кенеттен қаза тапты.




Тұғырыл ханның атты жасағы

кетеді. Бұған ашуланған Ғазақ Игорьдің басқа князьдермен бірге тұтқында қалған ұлы Владимир ханзаданы өлтіруді ұсынады. Болашақ татулықты ойлаған Құншақ бұған қарсы болып, Владимирді өз қызына үйлендіріп, қолында қалдырады...

Бірақ соғыс мұнымен бітпейді. 1193 жылға дейін славян тайпаларымен үздіксіз шайқас жүргізген Еділ мен Дон аралығындағы қыпшақтар бірте-бірте ежелгі күш-қуатын жоғалта бастайды. Құншақтың ұлы православие дінін қабылдап, Юрий есімін алады. 1224 жылы Кавказ тауы арқылы славян князьдері жеріне кірген Шыңғыс хан қолбасшылары – Сүбедей мен Жебе нояндарға қарсы Қалқа өзені маңындағы ұрыста өз сарбаздарымен ерекше көзге түскен осы Юрий Құншақұлы болатын. Бұл шайқасқа біз кейінірек ораламыз...

АЛЕКСЕЙ I КОМНИН

24 Алексей I Комнин – Византия императоры. Шамамен 1048 жылы дүниеге келген. Комниндер әулетінен шыққан. Алексей Константинополь қаласындағы ірі жер иеленуші ретінде танылған, император Исаак Комниннің немере інісі. Жас кезінен-ақ көзге түскен



Алексей I Комнин (сол жақта) Рим папасы Урбан II-ден түркілерге қарсы көмек сұрап тұр

Алексей есейген шағында Византия кесарі Иоанның немересі Иринаға үйленеді. Рим императорларын ерте кезде “кесарь” деген атаумен атаған. Осылайша енді таныла бастаған шағында императрица Мария оны өзіне өкіл бала етіп, Алексейге өз талабын қояды. Талап бойынша Алексей Марияның ұлы Константин Дукке өзінің билігін, қол жеткізген атақ-даңқын, дәрежесін теңдей бөліп беруге міндетті болды. 1081 жылдың ақпанында ағасы Исаакпен бірлесіп Фракиядағы көтерілген цурулдық көтерілісшілерді басып, ел ішінде біршама тыныштық орнаған соң, Алексейді жақтаушылардың қатары көбейіп, сол жылы наурыз айында Константинопольді қоршайды. Сонда император Никифор III Вотаниаттың сасқаны сонша, қаланы тастап қашпақ болады. Алексейдің әскері

оған қарамай, қаланы қолдарына түсірісімен, аяусыз тонап, қиратады.

Сөйтіп, 1081 жылы 4 сәуірде Алексей салтанатты түрде император сайланады. Билікті қолына алысымен, дереу Византиямен көршілес елдермен байланыстарды қайта қалпына келтіреді. Ол салжұқ-түріктерден Кіші Азиядағы иеліктерін уақытша болса да қайтарды. Ал Дунай өзені жағынан зәресін алған печенегтерге қарсы тегі бір қыпшақ тайпаларын “одақтас” ретінде пайдаланып, Византияны қайта күшейтеді.

XII ғасырдың ортасына қарай Византия ең күшті мемлекет ретінде өзіне көршілес елдерге өз ықпалын жүргізеді. Кейіннен осы оқиғаларды және Алексей I жайындағы басқа әңгімелерді қызы Анна “Алексиада” поэмасында жазып қалдырған.

Дәл осы кезеңде еліміздің шығысы да сан түрлі мүдделер қақтығысының қан майданына айналған еді.

Еділдің бергі бетінен Ертіс өзеніне дейінгі кең байтақ аймақты көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қыпшақ тайпаларының еркін жайлап жатқанын жоғарыда айтып өткенбіз. Олардың оңтүстігі мен солтүстігі Үндістанға дейінгі аймақта орналасқан, түркі тайпалары билеген Хорезм мемлекеті өзін жарты әлемнің қожасындай сезінетін-ді. Ал, Жетісу мен Шығыс Түркістан қидандар ықпалында болатын.

О баста Уссури өзені бойын жайлап, Түрік қағанатының құрамында болған қидандар X ғасырдың ортасында қытайлардың Таң әулетін тақтан тайдырып, қазіргі Солтүстік Қытайда Ляо империясын құрған еді. Қидандар империясы бұрынғы Түрік қағанаты құрамында болған тайпалардың көпшілігін – татар,

КРЕСТ ЖОРЫҚТАРЫ

Кресшілер (Крест) жорықтары (1096 – 1270 жылдары) – христиандық Еуропа феодалдары мен католик шіркеуінің “Қасиетті жерді” (Палестинаны) және ондағы Иса пайғамбар қабірін азат етуді желеу етіп, мұсылмандарға, түркі халықтарына қарсы ұйымдастырған әскери жорықтары. 1095 жылы Рим папасы Урбан II “қасиетті жерді” салжұқ-түріктерден азат етуге шақырады. Ол сөзін “Бұл – Құдайдың қалауы!” – деп аяқтайды. Кресшілер жорығына қатысушылар киімдеріне крест (айқыш) белгісін тақты. Тарихта кресшілердің 8 жорығы белгілі. 1-крест жорығы (1096 – 1099) кресшілердің Иерусалимді салжұқтардан тартып алып, Иерусалим корольдігін құруымен аяқталды; 2-крест жорығының басталуына (1147 – 1149) 1144 жылы салжұқтардың Эдессаны басып алуы сылтау болды; 3-крест жорығы (1189 – 1192)

1187 жылы Салах әд-Диннің Иерусалимді басып алуына байланысты шақырылды; 4-крест жорығы (1202 – 1204) Рим папасы Иннокентий III-нің бастамасымен ұйымдастырылып, Византияға қарсы бағыт-

талды. Кейінгі төрт крест жорықтарының (1217 – 1270) айтарлықтай маңызы болмады. 1291 жылы мұсылмандар Акра қаласын басып алғаннан кейін, кресшілер Шығыстағы өз иеліктерінен толық айырылды.

25



Үшінші крест жорығы (1189 – 1192)

қоңырат (унгират), найман (сегіз оғыз), керейт, уақ (олхонут), жалайыр, телеуіт, таңғұт, меркіт, ұйғыр, қарлық, қыпшақ, қаңлы тайпаларын бір орталыққа біріктіре алды. Алайда қазіргі Оңтүстік Қытай аймағына ғана билік жүргізе бастаған қытайлардың Сун әулеті империясы (860 – 1279 жылдар аралығында болған) қидандарға қарсы Қиыр Шығыстағы манчжурлерді (шүршіттер) айдап салды. Шүршіттер 1125 жылы Ляо империясын күйретіп, Солтүстік Қытайда өздерінің Цзинь әулеті билеген жаңа империяның іргесін қалады. Мұны түркілер Алтан хандығы деп те атаған.

Шүршіттерден 200 сарбазымен әрең қашып құтылған қидан қолбасшысы Елұй Дашы уақтардан мініске 400 ат алып, Алтайдың оңтүстік сілеміндегі Қатынбалыққа келіп жетеді. Осы жерде ол түркі тайпалары ақсүйектерін жинап, үлкен құрылтай өткізеді. Түркілер Елұй Дашының шүршіттерге

БУНАҚ БАТЫР

26

Бунақ батыр (Боняк, Маниак) – қыпшақ ханы. Тұғырылды қыпшақ еліне хан сайлаған Ескіл ханның ұлы. Шамамен X ғасырдың ортасында туған. Ол туралы алғашқы дерек 1096 жылғы орыс жылнамаларында кездеседі. Онда Бунақтың Киевке шабуыл жасағаны туралы айтылған. Қанды жорықтарға шығар алдында қасиетті “Көк тәңірге”, “Көк бөріге” сыйынатын. Хан тағына Тұғырыл сайланса, ханзада Бунақ оған әскербасы болды. Бунақ талай рет орыс князьдерінің шабуылына қарсы қол бастаған, 1091 жылы Тұғырыл Византияны қолдап печенегтерге қарсы соғысқан кезде, ерлігімен көзге түседі. Осы 1091 жылы орыс князьдерімен өштесіп жүріп, Переяславль түбінде тұтқиылдан кездескен қалың әскермен жанталаса ұзақ шайқасады. Бунақ батыр сонда ғана төтеп бере алмай шегінуге



Бунақ батыр мен венгр королі
Каламанның шайқасы

мәжбүр болған. Дегенмен қанша рет орыс князьдерімен қақтығысып, қарсы келіп жатса да аңғал қыпшақтар ешқашан опасыздыққа бармайтын. Бунақта, Тұғырыл хан сияқты 1097 жылы грузин князі Давидпен одақтасып, тегі жағынан өзіне туысқан мадияр королі, діні христиан Каламанға қарсы шабады.


Бұл қақтығыста да қолбасы Бунақ Русь әскерін Сан өзенінің бойында тізе бүктіреді. Алайда, орыс князьдері 1105 жылға дейін қыпшақтарға маза бермей, оларды қайткен күнде де жоюды өздеріне мақсат тұтады. Үздіксіз шабуылдап, ақыры 1103 жылы 4 сәуірде Сүтен деген жерде күшті соққы берген орыстар қыпшақ елін аяусыз тонайды. Осы оқиғадан соң ашу мен намысқа булыққан Бунақ батыр 1103 жылы бүкіл қыпшақ жұртын жиып, жаз бойы Русь жерін қанға бөктірді. Владимир Мономахқа қарсы 1105 және 1107 жылдары қарымта жорық жасады. Ал Переяславльге шапқанда, оған Сары хан көмекке келсе де, қыпшақтардың арқасында бірігуге қолы жеткен орыс князі Владимирдің әскері жеңіп, осы шайқаста Бунақта, Сары хан да (Шарукан) қаза тапты.

қарсы күресуі үшін 10 мың сарбаз жинап береді. Елұй Дашы осы құрылтайда өзін уақ тайпасынанмын деп атапты.

Жиналған сарбаздарын соңына ерткен Елұй Дашы 1125 жылы Еміл өзені жағасында Еміл қаласын салды. Бұл қаланың орны әлі күнге дейін сақталған. Баласағұндағы Шығыс Қарахандар әулетінің билеушісі Арслан хан Елұй Дашыны Жетісуға шақырады. Билікке таласып, өзара дұрдараз бола бастаған Жетісудағы түркі тайпалары қидандарды өз ықпалдарын күшейту үшін пайдалануға тырысады.

1130 жылы Цзинь империясы Елұй Дашыны ұстап әкелу үшін қалың қол аттандырады. Бірақ шүршіт әскерлері алдарына қойған мақсаттарына жете алмай, орта жолдан кері қайтуға мәжбүр болады. Қарлұқ тайпасының көмегімен Шығыс Қарахандар әулеті мемлекетінің билігін қолына алып,

ДӨҢ (ДОН) ӨЗЕНІ



1131 жылы өзін гүрхан (император) деп жариялаған Елұй Дашы Сырдариядан әрі өтіп, Қоджент қаласының түбінде Батыс Қарахандар әулеті мемлекетінің билеушісі Махмұд ибн Мұхаммед әскерлерін тас-талқан етіп жеңеді. Бұл кезде қазіргі Иран аймағын түгел иеленіп отырған салжұқтар (оғыздар) сұлтаны Санжар 100 мың әскермен шұғыл Махмұд ханға көмекке аттанған еді. Елұй Дашы мен Санжар әскерлері Самарқан қаласының солтүстік шығыс жағындағы Қатуан даласында кездеседі. Санжар әскерлерін ислам дініне берілген түркі тайпалары құраса, Елұй Дашы әскерлерінің негізі дәстүрлі Көк Тәңіріне табынатын түркілерден тұратын. Діни сенім жолындағы бұл қанды қырғын “Қатуан шайқасы” деген атаумен тарихта қалыпты. Алдыңғы Азияны түгел бағындырған Санжар әскерлері алғаш рет жеңілістің ащы дәмін татады. “Ондаған шақырым жер-

ВЛАДИМИР МОНОМАХ

28

Владимир Мономах,
Владимир Всеволодо-
вич – Киевтің ұлы князі.
1113 жылғы Киевтегі
тұз тапшылығына және
Святополктың ісіне

қарсы көтерілген халық
толқуы байлардың зәресін
ұшырады. Ауқатты бай-
лар Владимирге елші
жіберіп Киевтің князі
болуын өтінеді. Влади-

мир 1103 жылы Доло-
бо көлінің маңындағы
орыс князьдерінің
Үшінші съезінде, поло-
вецтерге (қыпшақтарға)
қарсы олардың көзін
жоюға ұсыныс жасайды.
Ұсынысты қабылдаған
орыстар Самара өзенінің
жағасында половецтерді
аяусыз қырып, оларды
кері шегіндірді. Осылай-
ша бедел жинаған Вла-
димирді халық алдына
шығармай-ақ, София
шіркеуінде Киевтің ұлы
князі етіп тағайындады.
Владимир билікке келі-
сімен көтерілісті басып,
елде тыныштық орнатты.
Делдарлардың қызметін
бақылап, халыққа тиім-
ді болуын талап етті. Ол
1116 – 1119 жылдары
Минск князі Глебке қарсы
жазалау жорықтарын
ұйымдастырды. Өз жерін
кеңейтпек болған Глебті
тұтқындап, Киевке әкеліп
қамауда ұстады.



Владимир Мономахтың таққа отыруы

де қырылған әскердің өлігі жайрап жатты” деп жазылған қытай тіліндегі “Ляо патшалығының тарихында”.

Елұй Дашы Самарқанды, Бұхараны, Қашқарды жаулап алды. Баласағұн қаласының маңынан өзіне жаңа астана салды. Бұл астана Құзорда деп аталды. Елұй Дашы құрған мемлекет негізінен, Шығыс Түркістанды, Жетісуды қамтыды. Ол жергілікті үйсін, қарлық, қаңлы, т.б. тайпалардың билеушілеріне еркіндік берді, тек үй басынан бір динар түтін салығын, түскен өнімнің оннан бірін алатын егін салығын енгізді.

Елұй Дашы 1143 жылы өз ажалынан қайтыс болған. Оның ұлы Іле жас болғандықтан хандықты жеті жылдай Елұй Дашының әйелі Набұян ханым басқарды. Іле ер жеткен соң, әке тағына отырып гүрхан болды (1150 – 1164 жылдар). Іле қайтыс болған соң, оның қарындасы Бұбұған билік құрды

САРЫ ХАН (ШАРУКАН)



Лубна түбіндегі шайқас

Сары хан (орыс деректерінде Шарукан) – Дон өзенінің жағасына қоныс тепкен қыпшақ тайпасының ханы. Әкесі Әсен хан (орыс деректерінде Осень), атасы әйгілі Құнан абыз. Сары ханның туған жылы белгісіз, шамамен XI – XII ғасырларда өмір сүрген. Ол өзі ел бастап көшкенде және жорық кезінде ақыл-парасатымен көзге түскен. Сары хан қыпшақтарды 40 жылдай (1068 – 1107) басқарып,

шашырап жүрген ұсақ ру-тайпаларды біріктіре білген. Жалпы, Сары ханның әулеті 150 жылдай билік жүргізген. Өздерін шығу тегі бойынша, “айдаһардан” таратып, “айдаһарға” табынатын кимек тайпасынан шыққан. Сондықтан оларды көрші тайпалар “ұраңқайлықтар” деп жиі атайтын болған. Сары хан көршілес орыс князьдерімен жақсы қарым-қатынас жасаған. Бірақ, бірін-бірі күндеген орыс князьдерінен мезі болған Сары хан, 12 мың қол жинап, 1068 жылы Киевке аттанады. Мұздай қаруланған қыпшақ әскерінен қорыққан Киев князінің жасағы тымтырақай қашып кетеді. Ол Киев қаласын алса да, өзінің даладағы өміріне қайта оралады. 1105 жылы Сары хан Бунақ ханмен бірігіп, Переяславльге қарсы соғыс ашып, Тұғырыл ханның кегін қайтаруды көздейді. Ұрыс алдында барлық әскерін жиып, оларға демалуға бұйрық береді. Осы жәйтті

қыпшақ арасында жүрген қаны түркі, ал діні иудей бедекші Русь тыңшысына жеткізеді. Орыс әскерлері ұрымтал тұсты пайдаланып кетіп, Лубна деген жерде демалып жатқан қыпшақ әскеріне бас салады. Ұрыс тәсілдерін жетік қолдана білген Сары хан мен Бунақ батырдың арқасында Мономах әскерінің шабуылы тойтарылады. Араға бір жыл сала екі жақ 1107 жылы қайта қырқысты. Осы шайқаста Сары хан да, Бунақ та қаза тапты.



Аза

(1164 – 1177 жылдар). Құпия махаббаты әшкереленген Бұбұған 1177 жылы хан сарайында өлтіріліп, таққа Іленің ұлы Жилугу (Жорық) отырады.

Осы Жилугу билігінің соңғы кезеңінде батыс қидандар хандығы қатты әлсіреді. Батысындағы Хорезм мемлекеті тез қуаттанып, Жилугу гүрханның мазасын кетірді. Осындай алмағайып кезеңде, дәлірек айтқанда, 1208 жылы Шыңғыс ханнан аз ғана әскерімен қашып келген найман ханзадасы Күшілікті Жилугу гүрхан бауырына тартты. Оған қызын беріп, шаңырағы шайқала бастаған елінің қорғаны етуге тырысты. Алайда дәл осы Күшілік хан 1212 жылы батыс қидандар билігін қайын атасынан тартып алып, аз уақыт жеке-дара хан болды. Бұл оқиғаға да біз кейінірек ораламыз...

Мақсатымыз қазіргі кең байтақ еліміздің XIII ғасырдың басындағы келбетіне қысқаша сипаттама беру болатын.

“ИГОРЬ ЖАСАҒЫ ТУРАЛЫ ЖЫР”

30




Қасиетті Борис және Глеб.
Икона

“Игорь жасағы туралы жыр” – XI ғасырлардағы қыпшақ жұрты мен орыс князі Игорьдің арасында болған шайқасты баяндайтын, түркі және славян халықтарына ортақ эпикалық шығарма. Бұл шығарманың негізгі желісіне – XI ғасырда Игорь Святославовичтің Киев Русіндегі билік үшін та-

лас кезінде өзіне қолдау көрсеткен қыпшақтарға қарсы опасыз жорығы, жасағының ойсырап жеңіліске ұшырауы, өзінің тұтқынға түсуі арқау болған. Игорь 1184 жылы Киев князі Святослав бастаған жорыққа қатыса алмай қалады. Ауыр соққы жеген қыпшақ жұртын тағы да тонап, қырғын салмақ болған Игорь, 1185 жылы қыпшаққа қарсы қол бастайды. Қыпшақ даласын қанға бояған шайқас Русь еліне де қайғы бұлтын төндіреді. Бұл шайқас үшінші күн дегенде Игорь жасағының сағын сындырып, жігерін жасытты. Игорьдің жасағы жеңіліске ұшырап, өзі де, ағасы Всеволод та тұтқынға түседі. Жырдың түпнұсқа қолжазбасы жоқ. Ал көшірме қолжазбасын тұңғыш рет граф А.И. Мусин-Пушкин көне қолжазбалардан тапқан. Көптеген ғалымдар жырда түркі тілінің ықпалы зор екенін, христиан дініне

байланысты мәліметтердің кейіннен енгенін, жырды айтушы әрі оның кейіпкері Баян жыраудың бейнесі, бұл шығарманы тудыруға түрік халықтарының да қатысы бар екендігін байқатады.

“Игорь жасағы туралы жыр” ақын О. Сүлейменовтың белгілі “Аз и Я” шығармасына арқау болған.



“Игорь жасағы туралы жырдың” 1800 жылғы басылымы